

17.10.2019-ғы № 21-9/2513 дз шығыс

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

201 ____ ЖЫЛҒЫ _____

Астана, Үкімет Үйі

« ____ » _____ 201 ____ г.

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2019 жылғы 18 қыркүйектегі
№ ДЗ-130 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің телемедицинаны дамытуға қатысты депутаттық сауалыңызды
қарап, қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдаймын.

Қосымша ____ парақ.

Б. Сапарбаев

Сарсенбаева Г., тел. 75-00-02

Қосымша

Телемедицинаның дамуына, бірыңғай мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге, телемедициналық жабдықтарды жаңартуға, интернет байланыс арналарының өткізу қабілетін арттыруға талдау жүргізу бойынша

Қазақстанда телемедицина 2004 жылдан бастап дами бастады. Бүгінгі күні ол еліміздің барлық өңірлерінде енгізілді, оның функционалдығы, инсталляциясы, бағдарламалық қамтамасыз етілуі дамыған. «Ауылдық (селолық) жердегі денсаулық сақтауда телемедицинаны және мобильді медицинаны дамыту» жобасын басқару үшін Республикалық телемедициналық орталық құрылды, Денсаулық сақтау министрлігінде, 17 өңірдің денсаулық сақтау басқармаларында, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының республикалық клиникаларында, медициналық ЖОО-да бейнеконференцбайланыс үшін жабдық орнатылды, кепілдік қызмет көрсету шеңберінде техникалық қолдау және байланыс арналары қамтамасыз етілді, 141 аудандық орталық аурухана (175-тен) қосылған.

Медициналық ұйымдарда ұлттық телемедициналық желі (бұдан әрі - ҰТМЖ) үшін қорғалған IP VPN байланыс арнасы пайдаланылады.

Анықтама: 2019 жылдың 3-тоқсанында облыстық ауруханалар мен республикалық клиникалар 5 282 телемедициналық консультация өткізді (облыстық ауруханалар - 4 696, республикалық клиникалар - 586). Рентгенограммалар - 1065, электрокардиограммалар - 1066, ультрадыбыстық зерттеулер - 116 таратып жазу өткізілді. Телемедициналық консультациялардың ең көп саны кардиология бойынша - 906 консультация (консультациялардың жалпы санынан 17,1%), пульмонология бойынша - 684 (12,9 %), неврология бойынша - 513 (9,7%) көрсетілді.

Бүгінгі күні елімізде цифрландырудың дамуымен телемедицина кезінде пайдаланылатындарға қарағанда емдеудің басқа да мобильді нысандары анағұрлым белсенді дамуда.

Сонымен, бүгінгі күні «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Ақпараттандыру және интероперабельділік платформасын (бұдан әрі - Платформа) енгізу, мобильді денсаулық сақтау элементтерін (mHealth), оның ішінде «қашықтағы консультацияларды» енгізу, диагноз қою және емдеу жоспарларын басқару бөлігінде жасанды интеллект жасау және оны енгізу, медициналық ақпараттық жүйелерді (бұдан әрі – МАЖ) енгізу бойынша 4 жоба іске асырылуда.

Аталған іс-шаралар ақпараттық жүйелерді интеграциялау, мобильді цифрлық қосымшаларды пайдалану, электрондық денсаулық паспорттарын (бұдан әрі - ЭДП) енгізу және «қағазсыз» ауруханаларға көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған.

Цифрлық денсаулық сақтаудың жаңа архитектурасының негізгі компоненті интеграциялық Платформа болып табылатынын атап өткен жөн.

Платформа республиканың барлық азаматтары үшін ЭДП, пациенттің және денсаулық сақтау қызметкерінің жеке кабинетін, денсаулық сақтау деректерінің бірыңғай қоймасын енгізуді қамтамасыз етеді.

ЭДП-да жиналатын пациенттердің денсаулығы туралы кешенді ақпарат әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу жағдайында денсаулық сақтау жүйесінің шығындарын және ресурстарын жұмсауды кешенді талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ қашықтықтан медициналық қызметтерді енгізуге мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылғы 14 қаңтардан бастап Платформа тәжірибелік пайдалануға енгізілді және 2020 жылдан бастап оны өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жоспарлануда.

Сондай-ақ диагноз қою және емдеу жоспарларын басқару бөлігінде жасанды интеллектті енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2017 жылы Денсаулық сақтау министрлігі мен IBM компаниясы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, оның шеңберінде Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты базасында онкологиялық науқастарды емдеуді жоспарлауға жасанды интеллект технологияларын енгізу бойынша «Watson for oncology» денсаулық сақтауда жасанды интеллектті пилоттық енгізу жүргізілді. Пилоттық сынақтан өткізу нәтижелері бойынша IBM WFO шешімі және оны жұмыста қолдану туралы оң пікірлер алынды. Жасанды интеллект технологияларын (IBM Watson for Oncology) қолдану жөніндегі жобаны қаржыландыру мәселесі оң шешілген жағдайда оны «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ базасында Қазақстанның барлық диспансерлері үшін қолжетімді етіп іске қосу жоспарлануда.

2018 жылдан бастап денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық құжаттаманы қағазсыз жүргізуге көшуі және қағаз жеткізгіштерде және МАЖ-да есеп нысандарын жүргізуді алып тастау бөлігінде денсаулық сақтауды цифрландыру процесі жүріп жатыр.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Денсаулық сақтау министрлігі телемедицинаны жаңғырту мақсатында мемлекеттік-жекешілік әріптестік (бұдан әрі - МЖӘ) шеңберінде қашықтықтан консультация беру бойынша жеке қызметтер берушілердің ұсыныстарын пысықтауда.

Негізгі созылмалы ауруларды басқару кезінде диагностиканың қашықтықтағы әдістеріне көшу жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Қашықтықтағы медицинаның арқасында орта және ұзақ мерзімді перспективада бюджет үлесі мен оның жүктемесін төмендету жоспарлануда.

Қазіргі уақытта жеке серіктестермен («СМС Technologies» ЖШС, «EyeLab» ЖШС, «KazDevelopment Company» ЖШС) ЭКГ - SmartECG қашықтағы таратып жазу, диабеттік ретинопатияны диагностикалау, макулярлы дегенерацияны диагностикалау, глаукома, меланома, көз түбі суреттерінің негізінде гипертониялық ретинопатия бойынша қызметтерді пилоттық енгізу бойынша келіссөздер жүргізілді. Жобаны пилоттық енгізу үшін өңірлер (*Солтүстік Қазақстан облысы және Алматы қаласы айқындалды*).

Бір мезгілде цифрлық денсаулық сақтаудың ең жылдам өсіп келе жатқан сегменті болып табылатын және созылмалы инфекциялық емес ауруларды (*диабет, жүрек-қантамыр аурулары*) басқару үшін кеңінен пайдаланылатын

мобильді денсаулық сақтау дамуда.

ДДҰ зерттеген 125 елдің 80%-ы мобильді денсаулық сақтау жобалары ұлттық және жергілікті деңгейлерде медициналық қызметтердің қолжетімділігін кеңейкенін мәлімдеді.

ЭЫДҰ-ның 30 еліне жүргізілген талдау олардың көпшілігі медициналық деректермен алмасу құралдары және талдау, статистика және болжау үшін ақпарат көздері болып табылатын ұлттық электрондық денсаулық паспорттарын әзірлеуге инвестициялайтынын көрсетті.

Мобильді денсаулық сақтау элементтерін, оның ішінде «қашықтағы консультацияларды» енгізу шеңберінде 16 мобильдік қосымша іске асырылды.

Осы қосымшалар мынадай функцияларды ұсынады: дәрігердің қабылдауына жазылу және дәрігерді үйге шақыру, жеке электрондық денсаулық паспортының деректерін қарау, диспансерлік есепте тұрған кезде өз өлшемдерін енгізу, сондай-ақ басқа да пайдалы медициналық қызметтер. Сонымен қатар, ауруларды басқару бағдарламасын енгізу шеңберінде мобильдік қосымшаларды қолдану бойынша пилоттық сынақтар жүргізілуде.

2019 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында денсаулық сақтаудың мобильдік қосымшаларымен қамту:

- мобильдік қосымшаларды пайдаланушылардың нақты саны - 3 605 864-ті;
- интернет-белсенді халық арасында мобильді қосымшаларды пайдаланушылар – (18-50 жастан бастап) - 2 904 766-ны;
- жүкті әйелдер арасында мобильдік қосымшаларды пайдаланушылар - 174 862-ні құрайды.

Медицина қызметкерлері мен халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі пациенттерді денсаулық сақтаудың веб/мобильдік қосымшаларын пайдалану дағдыларына оқыту жүргізуде.

Өңірлердің медициналық ұйымдарында цифрлық сауаттылық бекеттері құрылды (*ағымдағы жылдың 3-тоқсанында құрылған цифрлық сауаттылық бекеттерінің саны 657-ні құрайды*), онда мамандар мобильдік қосымшаларды қалай орнатуға және электрондық денсаулық сақтау қызметтерін қалай пайдалануға болатынын көрнекі түрде көрсетеді.

Пациентке арналған мобильдік қосымшаларды пайдаланудың оң әсеріне смартфон арқылы алу есебінен зерттеу нәтижелерін алу уақытын 1,8 есе (7 сағаттан 4 сағатқа дейін) қысқартуды жатқызуға болады.

Мобильдік қосымшалардың көмегімен әртүрлі push-хабарлама, оның ішінде скринингке жататын халық үшін скринингтен өткендігі туралы push-хабарламалар жіберіледі. Ағымдағы жылғы 3-тоқсанда 3 144 130 push-хабарлама жіберілді, оның ішінде оқылғаны - 994 166 (31,6%). Хабарланғандар санынан қарап-тексеруге келген пациенттердің үлесі – 45,6% (453 428).

Мобильдік денсаулық сақтауды енгізумен және сүйемелдеумен байланысты барлық іс-шаралар МЖӘ және ақпараттандырудың сервистік моделі шеңберінде іске асырылады.

Денсаулық сақтауды цифрландыруды, оның ішінде телемедицинаны одан әрі дамыту, ҰТМЖ жаңғырту, арналардың өткізу қабілетін арттыру Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасының жобасы шеңберінде көзделген.

2. Пациенттердің жеке деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, блокчейн-технологияларын енгізу бойынша.

Пациенттердің дербес деректерінің жабықтығы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінің мемлекеттік қауіпсіздігі шеңберінде жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа Кодекстің (бұдан әрі – Кодекс жобасы) жобасында дербес медициналық деректерді айқындау бойынша бірқатар жаңа ұғымдар, телемедицина: электрондық денсаулық сақтау, электрондық денсаулық паспорты, қашықтықтан медициналық қызметтер енгізілді, қашықтан медициналық қызметтер көрсету үшін электрондық ақпараттық ресурстарға қойылатын талаптарды әзірлеу бойынша құзыреттілік енгізілді, бұл денсаулық сақтауды цифрландыруды дамытуға мүмкіндік береді (*Заң жобасы ҚР Парламентінің Мәжілісінде*). Кейіннен жаңа Кодекстің жобасы бекітілгеннен кейін телемедицинаны дамыту және денсаулық сақтауды цифрландыру жөніндегі тиісті нормативтік құқықтық актілер әзірленетін болады.

Жалпы, денсаулық сақтау саласында цифрландыру бойынша блокчейн технологиясын енгізу мәселелері қолдау табуда, бұл ретте оны жеке қызметтер берушілерден ұсыныстар түскен кезде МЖӘ шеңберінде іске асыру көзделеді.

Бүгінгі күні аудандық деңгейдегі дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің жұмыс орындарын ІТ-инфрақұрылыммен жабдықтау 100% - ға дейін қол жеткізілді. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде кезең-кезеңімен 2021 жылға дейін ауылдық елді мекендердің дәрігерлік амбулаториялары, фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттері компьютерлік техникамен, интернет желісіне (ТОБЖ, LTE арқылы) қолжетімділікпен және қажет болған жағдайда спутниктік байланыспен толық қамтамасыз етілетін болады.

МАЖ енгізу жобасының шеңберінде 2019 жылғы 3-тоқсандағы жағдай бойынша емдік-профилактикалық қызметтерді (ТМККК) көрсететін 677 дербес ұйымның 675-інде (99,7%) 25 отандық және шетелдік әзірлеуші ұсынған МАЖ-дың 28 түрі енгізілді.

Анықтама: 5 336 медициналық ұйымның 3 906-ы (73,2%) МАЖ-бен жұмыс істейді. МАЖ-бен толық қамту үшін денсаулық сақтау объектілерін Интернет желісіне кезең-кезеңмен қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасында арнайы автокөлік базасында құрылған 50 жылжымалы медициналық кешен жұмыс істейді. 2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша жылжымалы медициналық кешендердің қызметтерімен 1 563 ауылдық елді мекен қамтылды, 680 мыңнан астам адам,

оның ішінде 164 мың бала қарап-тексерілді.

Бөлінген станциялар мен разъездердің тұрғындарын тегін білікті медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін «Денсаулық» медициналық пойызын іске қосу жүзеге асырылды, медициналық қызметтер 8 мыңнан астам халыққа көрсетілді.

Бұдан басқа, ағымдағы жылғы тамыздан бастап 98 елді мекенді қамту жоспарланған «Жәрдем» медициналық пойызы іске қосылды.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, телемедицинаны одан әрі дамыту жоспарланып отыр, алайда басымдық қашықтықтағы консультацияларға бағытталатын болады.

Жалпы алғанда, денсаулық сақтау саласында телемедицинаны дамыту және цифрландыру мәселелері Үкіметтің бақылауында.
